

Қалиева Ә.Е.,  
Қойлыбай Ә.Ж.

**Азық-түліктік қауіпсіздікті  
қамтамасыз ету  
ерекшеліктерінің шетелдік  
тәжірибесі**

Азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесін шешу кез-келген елдің мемлекеттік саясатының маңызды басымдылығы және осы елдегі ғылыми зерттеулердің басты бағыты болып табылады. Өз кезегінде, азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді стратегиясын әзірлеу үрдісінде шетелдің озық тәжірибесін талдау, жаһандық тенденцияларды қарастыру маңызды рөл атқарады.

Берілген мақалада азық-түліктік қауіпсіздік мәселесі елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылған; азық-түліктік қауіпсіздік түсінігінің мәні мен мазмұнын анықтауда және елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің шетелдік озық тәжірибелердің үлгісі талданған.

**Түйін сөздер:** азық-түліктік қауіпсіздік, жаһандану жағдайы, бәсекеге қабілеттілік, ауыл шаруашылықтың өнім.

Kaliyeva A.Ye., Koilybai A. Zh.

**International experience of  
features of food security**

The issue of food security is a priority of the state policy in different countries, and the focus of research. In turn, in the process of developing an effective strategy for food security analysis of the important role played by the advanced experience of foreign countries in the consideration of global trends. In this article, the problem of food security is seen as an important component of economic security of the country; to determine the meaning and content of the concept of food security and food security are analyzed model of international best practice.

**Key words:** food security, globalization, agriculture, competitiveness, agricultural products, production.

Қалиева А.Е.,  
Койлыбай А.Ж.

**Зарубежный опыт  
особенностей обеспечения  
продовольственной  
безопасности**

Решение вопроса продовольственной безопасности является приоритетом государственной политики разных стран и основным направлением научных исследований. В свою очередь, в процессе разработки эффективной стратегии продовольственной безопасности важную роль играет анализ передового опыта зарубежных стран в рассмотрении глобальных тенденций. В этой статье проблема продовольственной обеспеченности рассматривается в качестве важного компонента обеспечения экономической безопасности страны, чтобы определить смысл и содержание понятия продовольственной безопасности страны, проанализированы модели передовой международной практики.

**Ключевые слова:** продовольственная безопасность, глобализация, продукция сельского хозяйства, производство.

## **АЗЫҚ-ТҮЛІКТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ**

Азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесін шешу кез-келген елдің мемлекеттік саясатының маңызды басымдылығы және осы елдегі ғылыми зерттеулердің басты бағыты болып табылады. Өз кезегінде, азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді стратегиясын әзірлеу үрдісінде шетелдің озық тәжірибесін талдау, жаһандық тенденцияларды қарастыру маңызды рөл атқарады.

Елдің агроөнеркәсіптік әлеуеті, соның ішінде ауыл шаруашылықтың өндірістің даму деңгейіне байланысты азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде үш тәсіл бөліп көрсетіледі: протекционистік, экспортқа бағытталған және азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аралық тәсілі. Протекционистік тәсілдің нағыз, жарқын өкілдеріне Жапония және Норвегия, ал экспортқа бағытталған тәсілдің өкіліне АҚШ жатады. Қарастырылып отырған тәсілдер өздерінің болмысына байланысты қарама-қайшы, антитезистік болып келеді, олардың біріншісіне немесе екіншісіне елдерді толыққанды жатқызуға болмайды. Өйткені, елдердің көпшілігі (мысалы, ЕО мемлекеттері) аталған екі тәсілдің де элементтері үйлесіп кезедесетін, азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аралық тәсілдемесін қолдайды [1, 50 б.].

Протекционистік және экспортқа бағытталған тәсілдердің арасындағы басты айырмашылық елдердегі ауыл шаруашылықтың өндірісті мемлекеттік қолдаудың көлемі мен үлесінде болып келеді. Бұндай елдер мысалы ретінде Норвегия, Швейцария, Корея, Жапония және Исландияны келтіруге болады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының статистикалық мәліметтеріне сүйенсек 2014 жылы аталған мемлекеттерде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау деңгейі, пайыздық өлшемде, әлемдегі ең жоғары көрсеткіштер болған: Норвегия – 58,4%; Швейцария – 56,5%; Корея – 51,1%; Жапония – 49,2% және Исландия – 47,7%. Салыстыратын болсақ, Канадада мемлекеттік қолдау деңгейі 9% құрайды, Қытайда – 20,2%; Еуропалық одақ елдері бойынша – 18%; Австралияда – 2,3%; АҚШ-та – 10%; Ресейде – 9% және Қазақстанда мемлекеттік қолдаудың мөлшері 6,5% құраған [2].

Әлемнің түрлі аймақтарында азық-түліктік қауіпсіздік мәселесін шешу түрлі қиындықтарға шалдығады. Көптеген да-

мыған елдерде азық-түліктік қауіпсіздігі толыққанды шешіліп қоймаса да, жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген. Бұндай елдерге АҚШ, Канада, Австралия және Жаңа Зеландияны жатқызуға болады. Бұл елдерде ішкі азық-түліктік нарықтарды импорттан қорғау деңгейі жоғары болып келеді. Нарықтарды импорттан қорғаудың деңгейі жоғары мемлекеттердің басқа тобына табиғи шарттары экспорттер-мемлекеттерден едәуір төмен, азық-түліктің көп түрлерін өндіре алмайтын елдер жатады. Бұл тұрғыда Жапонияның азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тәжірибесін қарастыруға болады.

Отандық азық-түліктік нарықты импорттан қорғаудың жапондық тәжірибесі анағұрлым күрделі және қорғаудың жоғары деңгейімен сипатталады. Жағымсыз табиғи шарттардың салдарларынан елдегі ауыл шаруашылықтың өнімдердің өзіндік құны өте жоғары болып келеді, және ашық нарық шарттарында жапондық ауыл шаруашылығы бірнеше жыл ішінде басылып қалатын еді. Жапонияда кедендік емес шаралар басым. Жер ресурстарының өткір тапшылығы (бір шаруашылыққа ауыл шаруашылықтық жерлердің 1,6 га ғана тиесілі, АҚШ-та бұл көрсеткіш деңгейі 123 есе, ал ЕО елдерінде 12 есе артық) [3], азық-түліктің жетіспейтін түрлерін қамтамасыз етуде әлемдік нарықтан тәуелділік (елде азық-түліктік қамсыздандырылудың деңгейі 40% – бұл әлемнің дамыған елдері арасындағы ең төмен көрсеткіш) елді конъюнктура мен шетелдік нарықтарда қалыптасып жатқан болжамдалмаған экономикалық және саяси жағдайлар алдында осал етеді. Осыдан, азық-түліктік және ұлттық қауіпсіздік мақсаттарына қолжеткізуге бағытталған саясатқа жапондық үкімет ерекше мән бөледі. XX ғасырдың 50-60 жылдары аграрлық секторда жүргізілген терең жүйелі және құрылымдық өзгерістердің арқасында, жер ресурстарының өткір тапшылығына қарамастан, отандық өндіріс есебінен азық-түліктік қамсыздандырылудың жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкін болды. Азық-түліктік қамсыздандырылуды реттеуде бір жағынан аграрлық протекционизм саясаты маңызды құраушы болып келеді, екінші жағынан ауыл шаруашылығы және теңіз өнімдерімен сыртқы саудадағы тиімді саясат та өз септігін тигізуде. Мемлекеттік реттеу азық-түлік қозғалысының барлық тізбегін, соның ішінде өндірісті ынталандыру, астықты және басқа өнімді сатып алуды субсидиялау және қатаң халықаралық бәсекелестік жағдайында отандық өндірушіні қорғауды қамтыды.

Жапонияның экономикасы трансшекаралық

экономикалық байланыстарға терең біріктірілген болғанына қарамастан ел үкіметі азық-түліктің ішкі нарығын барынша қорғайды. Сонымен қатар, ДСҰ-ға елдің мүшелілігінің басты шарттарының бірі ішкі нарықты ырықтандыру бола тұрса да, Жапонияда ауыл шаруашылығының ырықтандырылуы үрдісін тежеуге (және сәйкесінше жоғары тарифтік бажды сақтауға) мүмкіндігі болып отыр. Бұл үрдіс әлемдік нарықтағы қатаң бәсекелестікке төтеп бере алатын өнім түрлеріне ғана бағаларды бірте-бірте, кезеңмен түсіру арқылы жүзеге асырылуда. Яғни, ішкі ауыл шаруашылықтық нарықты сыртқы бәсекелестіктен сақтау – азық-түліктік жабдықталудың отандық базасын дамытуды қамтамасыз ететін басты шарт [4]. Елдегі анағұрлым маңызды ауыл шаруашылықтық тауарлардың бірі – бұл күріш. Елде күрішті көтерме бағамен саудаға мемлекеттік-корпоративтік монополия орнатылған. Ауыл шаруашылығы министрлігінің бақылауындағы корпоративтік бірлестіктер күріштің негізгі, әдетте жалғыз сатушысы болып келеді және олар сатып алудың жоғары бағасы есебінен ішкі өндірісті ынталандырады, елді қамсыздандыруды қамтамасыз етеді, күріштің қорларын қалыптастырады және импорттан бас тартуға мүмкіндік береді [5].

Жалпы алғанда, елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Жапонияның тәжірибесі ауыл шаруашылығын дамыту үшін барлық шарттары оңтайлы мемлекет (біздің ел) үшін де, табиғи ресурстары шектеулі мемлекет үшін де маңызды үлгі болып табылады.

Азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде экспортқа бағытталған тәсілді аграрлық және экономикалық әлеуеті жоғары мемлекеттер ұстанады. Бұл елдер қатарына АҚШ кіреді. Елдегі ауыл шаруашылықтық өндіріс саласында тікелей халықтың 1% ғана еңбек еткеніне қарамастан, мемлекет ішкі өндірістің есебінен азық-түлікке деген жеке қажеттіліктерін жауып қана қоймай, сонымен қатар, азық-түліктің экспортының әлемдік көшбасшысы болып табылады. Бүгінгі таңда, АҚШ халықтың азық-түліктің негізгі түрлеріне деген ішкі қажеттілікті толығымен қанағаттандырады және бидайдың әлемдік сақтандыру қорын толықтыруда негізгі донор болып келеді. АҚШ шетелдерге шығарылған ауыл шаруашылықтық өнім көлемі бойынша әлем елдерінің арасында бірінші орында тұр (өндірілетін ауыл шаруашылықтық өнімнің әлемдік көлемінде 15%-дық үлес АҚШ-қа тиесілі). Бидай, жүгері, қытайбұршағы және жемістер секілді маңызды азық-түліктік және мал азығы дақылдарының

әлемдік саудасында елдің үлесі ерекше жоғары болып келеді [6].

Экспортты субсидиялау АҚШ-қа ауыл шаруашылығы саласында әлемдік көшбасшы болуға мүмкіндік берді. АҚШ-та аграрлық бағаларды қолдау деңгейі 50%-ды құрайды, ал фермерлердің пайдасының 21%-ы мемлекеттің тікелей субсидиялардан тұрады [3]. Қолдаудың бұндай түрі фермерлерге өнім өндірісін анағұрлым үлкен көлемдерде жалғастыруға және бір жағынан мемлекеттік субсидиялар есебінен, екінші жағынан өндіріс масштабы әсерінің есебінен қосымша бәсекелестік басымдылықтарды алуға ынталандырды. АҚШ фермаларының жерлерінің орташа көлемі 200 гектарға жуық мөлшерді құрайды. Ірі шаруашылықтардың механизациялануының жоғары деңгейі бұндай фермаларды 15-20 адамның ғана көмегімен жүргізіп-басқаруға мүмкіндік береді. 2011 жылдың мәліметтері бойынша елдегі 141 мың ірі шаруашылықтарда (бұл бүкіл ауыл шаруашылықтық ұйымдардың 8%-н құрайды) елдегі барлық ауыл шаруашылықтық өнімнің 65%-ы өндіріледі [6].

Сондай-ақ, АҚШ-та агроөнеркәсіптік кешеннің қарқынды дамуына аграрлық экспортты субсидиялау ғана емес, сонымен бірге, өндіріске озық технологияларды енгізу, ауыл шаруашылығының инновациялық дамуға өту арқылы қолжеткізілген өндіріс тиімділігін жоғарлауы септігін тигізді.

Бүгінгі таңда АҚШ-тағы «Азық-түліктік қауіпсіздік туралы» қолданыстағы заң маңызды саяси құжат болып табылады. Онда агроазық-түліктік кешен ел экономикасы мен қорғанысы үшін ғана емес, сонымен қатар, халықаралық көшбасшы позицияларды жаулап алу үшін де айқындаушы стратегиялық мәнге ие деп бекітілген [7]. Американдық үкімет азық-түліктік өнімдердің қауіпсіздігін кепілдендіре отырып, ауыл шаруашылықтық шикізат пен азық-түліктік нарықтардың ашықтылығы мен айқындылығын қамтамасыз етеді. АҚШ-тың азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі икемді, ғылыми негізделген заңнамаға сүйенеді. Елдің азық-түліктік қауіпсіздігі саясатының базалық қағидалары келесідей болып келеді [8]: 1) ауыл шаруашылықтық өндірісті қолдау; 2) ауылдық аймақтардың инфрақұрылымын дамыту; 3) пайдалы тамақтану және салауатты өмір салтын дәріптеу; 4) сыртқы сауданы кеңейту; 5) ауыл шаруашылықтық өнімдердің әлемдік нарықтарына барынша интеграциялану; 6) қоршаған ортаны қорғау.

Азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі аралық тәсілді ұстану ЕО-қа мүше-елдерінің

басым бөлігіне сипатты болып табылады. Аралық тәсілді ұстанушылар азық-түліктің әлемдік экспорттың мықты позицияларды ұстануға талпынбайды. ЕО-тың заманауи аграрлық саясатының басты мақсаты – бұл одақ мүшелерінің ішінде азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Азық-түліктік қауіпсіздікті бағалаудың барлық критерийлері (азық-түліктік тәуелсіздік, халықтың азық-түлікке экономикалық және физикалық қолжетімділігі, азық-түлік тағамдарының сапасы мен қауіпсіздігі, азық-түліктің ауыспалы қорларының деңгейі) бойынша одаққа мүше елдерде оған қол жеткізілген деп санауға болады. Бұндағы аграрлық саясат қауіпсіздік жүйесін сапалық жетілдіруге және болашақта мүмкіндік қауіп-қатерлерді жоюға бағытталған [6]. ЕО-қа мүше-елдер азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен ауылдық жерлерді дамытудың тиімді әдістерін, яғни ауыл шаруашылықтық өндірістің интенсификациясы, АӨК-нің құрылымдық бөліктерін әртарапты қолдау, аграрлық салаға көпфункционалды сипатты беру, ауылдық жерлерде тартымды жұмыс орындарын қалыптастыру, аграрлық аймақтардың рекреациялық және экологиялық әлеуетін арттыру әдістерін әзірлеу және жүзеге асыруға ерекше көңіл бөледі [9]. ЕО елдерінде ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік кешеннің басқа салаларын қолдау және бағытты бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жұмсалатын шығындардың көлемі, бүгінгі таңда, мемлекеттік бюджеттің 20%-ға жуық мөлшерін құрап отыр.

Азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қытайлық тәжірибесі өзінің болмысы тұрғысында ерекше болып келеді. Себебі, үкімет алдында дүние жүзі бойынша егістік жерлердің тек 10%-н, ал ауыз суының 7%-н ғана иелене отырып, әлем халқының 22%-н азықтандыру мәселесі тұр [10]. Тіпті азық-түліктің әлемдік бүкіл экспорты (ел ішінде азық-түлік өндірілмеген жағдайда) Қытай тұрғындарының қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтын еді. Дегенмен, қазіргі уақытта, елдегі халықты азық-түлікпен қамсыздандыру деңгейі 80%-ға жетті, Қытай әлемдік ауыл шаруашылықтық өндірістің көшбасшыларының бірі болып табылады. Қытай ауыл шаруашылығының елдің азық-түліктік тәуелсіздігін қамтамасыз ету деңгейіне дейін дамыту шетелдік инвестицияларды тарту есебінен жүзеге асырылуда [9]. Соңғы 20 жыл ішінде Қытай үкіметі аграрлық секторға 20 млрд. АҚШ долларына жуық шетелдік инвестициялардың тартылуын қамтамасыз етті. Бүгінгі таңда аграрлық салада шетелдік инвестициялардың қаты-

суымен 10 мыңға жуық жобалар іске асырылуда [11].

Сонымен қатар, елде жерді тиімді пайдалануды жоғарлатуға бағытталған қатаң саясат жүргізілуде. Соның ішінде, егістік жерлерді пайдалану қатаң бақыланады, бұндай жерлергі егістік емес жерлерге ауыстыруға тыйым салынған, басқа елдерден ауыл шаруашылықтық жерлерді сатып алу ынталандырылады [9].

Сонымен бірге, Қытай фермерлеріне қолдау көрсетудің негізгі тараптарының бірі – бұл нарықтық бағаны ұстап тұру. Ол тарифтер, тарифтік квоталар және мемлекеттік сауда арқылы жүзеге асырылады. Астыққа бағалар жыл сайын Ауыл шаруашылығы министрлігінің Даму мен реформалардың ұлттық комиссиясымен және басқа да мемлекеттік мекемелермен бірлесе орнатылады [10].

Сондай-ақ, Қытайдағы ауыл шаруашылықтық өндірістегі тиімділіктің басты факторларының бірі болып озық аграрлық технологияларды жаппай меңгеру табылады. Өндіріс үрдісіне дамыған елдерден алынған әлемдік ауыл шаруашылықтық ғылымның жетістіктері және қытайлық мамандардың әзірлемелері енгізілді. Жаңа аграрлық саясат аясында аграрлық ғылымды қаржыландыруды ұлғайту және болашақта өндірістерге ҒТП-нің озық жетістіктерін енгізу ұйғарылады [1, 55 б.].

Еліміздің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін шешу барысында Еуразиялық экономикалық одақтың мүше-елдерінің (агроөнеркәсіптік салалары тиімді болып келетін, Беларусь Республикасы мен Ресейдің) тәжірибесін талдау маңызды.

Беларусь Республикасында азық-түліктің физикалық және экономикалық қолжетімділігінің оң динамикасы қалыптасқан және ұзақ жылдар бойы сақталып отыр. Өнім өндірісі бойынша ұлттық азық-түліктік қауіпсіздік деңгейі оңтайлы деп бағаланады. Ол ел ішіндегі ресурстар есебінен 80%-дан артық көлемде қамтамасыз етілген. Жан басына шаққанда ауыл шаруашылықтық өнімнің негізгі түрлерінің (бидайдан басқа, негізіне ет және сүт өнімдерінің) өндірісі бойынша Беларусь мемлекеті ТМД елдерінің арасында көшбасшылар қатарында, ал сүт өндірісі бойынша көрсеткіштері аграрлық дамыған елдердің көрсеткіштерінен артық болып келеді [12]. Көптеген азық-түліктік позициялар бойынша Беларусь өзін-өзі қамтамасыз етеді, олардық тұтынатын өнімдерінің 50%-дан астамы ел ішінде өндірілген. Бұл ретте елдің бір тұрғынына шаққанда ет өнімдерін тұтыну бойынша мемле-

кет ТМД елдері арасында бірінші орында, ал сүт өнімдерін тұтыну бойынша екінші орында. Республика елдің өңдеуші кәсіпорындары өндіретін өнімнің тек 60%-н ғана тұтынады. Бұл беларусьтік өнімдердің экспортын ұлғайтуға мүмкіндік жасайды. Қазіргі уақытта шетелдерде республикада өндірілетін сүт өнімдерінің 49%-ы және ет өнімдерінің 30%-ы өткізіледі. Өз кезегінде, критикалық импорт тобына елде өндірілмейтін шай, кофе, күріш, күнбағыс майы, теңіз өнімдері, цитрус тектестер мен жеміс-жидектер жатады [11].

Азық-түліктік қауіпсіздігінің тұрақтылығы ауыл шаруашылығының тиімді қызмет етуіне және мемлекеттік бағдарламалардың қамсыздандырылуына тікелей байланысты болып табылады. Елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оны бақылау және агроөнеркәсіптік кешенінің дамуын жетілдіру мақсатында елде 2004 жылы «Беларусь Республикасының ұлттық азық-түліктік қауіпсіздігінің тұжырымдамасы» қабылданған. Сонымен қатар, бүгінгі таңда, елде ауылдардың тұрақты дамуының Мемлекеттік бағдарламасы тиімді қызмет етуде. Аталған бағдарлама елдің агроөнеркәсіптік кешенінің өндірістік және әлеуметтік салаларының одан әрі дамуы мен саладағы ұйымдардың жұмысының тиімділігін арттыру шараларын қамтиды [12].

Сонымен қатар, елдегі мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржы айтарлықтай жоғары болып келеді (ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау мөлшерінің өндірілген ауыл шаруашылықтық өнімнің жалпы көлеміне қатынасы 18%-ды құрайды). Аталған қаржылық көмектің таратылуы да ерекше болып табылады, яғни қолдау тек ауыл шаруашылық кәсіпорындарға тікелей бөлініп қана қоймай, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, жер өңдеу құрылғыларының дамуы бойынша шараларды және ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестерімен күресуге таратылған [13]. Сондай-ақ, азық-түліктік өңдеуші кәсіпорындардың үлкен бөлігі жаңартылған және халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Бұл жайт Беларусь мемлекетіне өзінің өнімін Ресей мен ТМД елдеріне ғана емес, сонымен қатар, Еуропалық Одақ және Солтүстік Америка елдеріне де экспорттауға мүмкіндік береді.

Ресей айтарлықтай аграрлық әлеуетке (әлем қайта қалпына келетін құнарлы жерлерінің 20%-на, тұщы судың 20%-на [14]) ие болғанына және атқарылып жатқан шараларға қарамастан, елдегі ауыл шаруашылықтық әлеует толық пайдаланылады және азық-түліктік қауіпсіздік толығымен қамтамасыз етілген деп айтуға болмайды. Ғалымдардың есептеуінше Ресейдегі азық-түліктік

қауіпсіздіктің жалпы деңгейі 89%-ды құрайды. Бидай, күнбағыс майы және қант өндірісі бойынша елдегі азық-түліктік тәуелсіздіктің шектік көрсеткіштері толығымен қамтамасыз етілген. Ал бидай және күнбағыс майымен тек ел тұрғындары ғана емес, сонымен қатар, басқа елдердің 50 млн-ға жуық тұрғындары қамсыздандырылған. Дегенмен, басқа өнім түрлері жағдай айтарлықтай жақсы емес, мысалы сүт өнімдері бойынша азық-түліктік тәуелсіздік деңгейі 80%-ды, ет бойынша 75,9% құрайды (бұл көрсеткіштер елде қабылданған азық-түліктік доктринада бекітілген деңгейлерден 10%-ға кем). Өз кезегінде, ет өнімдерінің жеке түрлері, яғни сиыр еті бойынша азық-түліктік қауіпсіздіктің нақты деңгейі шектік көрсеткіштен екі есе кем немесе 37%-ды ғана құрайды [15].

Елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және агроөнеркәсіптік сектордың тиімділігін арттыру үшін «Ресей Федерациясының азық-түліктік қауіпсіздігінің доктринасы» 2010 жылдан бері жүзеге асырылуда, азық-түліктік өнімдердің техникалық регламенттері («Сүт және сүт өнімдеріне», «Май өнімдеріне» және «Жемістер мен көкөністерден алынатын шырын өнімдеріне техникалық регламент») қабылданған. Сонымен қатар, елдің тамақ өнеркәсібінде қауіпті өнімдердің пайдаланылуын минималдауға мүмкіндік беретін «Азық-түліктің сапасы мен қауіпсіздігін басқару жүйесі»; азық-түлік өнімдерінде денсаулық үшін зиянды заттардың (радионуклидтардың, ауыр металл, нитраттар, генетикалық модификацияланған ағзалардың, бояғыш қоспалардың) баршылығын уақытында анықтайтын, өнімнің тексерілуі мен одан кейінгі маркалануын ұйғаратын «Азық-түлік өнімдерін сертифицикаттау жүйесі» қолданылады [16].

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің шетелдік тәжірибесін зерттеу және жалпылау келесіні көрсетті:

1. Дамыған мемлекеттерде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің келесі стратегиялары қалыптасты – өзін-өзі қамтамасыз етуге негізделген экспортқа және импортқа бағытталған саясат.

2. Дамыған мемлекеттердің азық-түлік қауіпсіздігі негізінен алғанда ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне төленетін субсидиялар, жеңілдікпен несиелеу жүйесі, баға құралының көмегімен өндірушілерді ынталандыру, ауыл шаруашылығы өндірістік инфрақұрылымының құрылысы, ауыл шаруашылығы экспорты мен азық-түлікті жеткізуді субсидиялау, ғылымның жетістіктерін ауыл шаруашылығына енгізу арқылы протекционистік сипатқа негізделген.

3. Азық-түлік қауіпсіздігіне жету үшін дамыған мемлекеттер дамушы мемлекеттерге елеулі көмек көрсетеді. Осы көмектің салдары бір жағынан оң әсерлі – ақша құралдарының, несиелердің бөлінуі, гуманитарлық көмек көрсету, екінші жағынан теріс әсерлі – азық-түлік жеткізіліміне дамымаған мемлекеттердің тәуелділігі күшейеді.

Мемлекеттің, соның ішінде оның аймақтарының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, тамақ өнімдерімен өзіндік қамтамасыз етудің жоғары деңгейіне қол жеткізу АӨК-нен кәсіпкерліктің белсенділігін арттыру, ғылыми-техникалық прогресстің жетістіктері мен шаруашылықты және өндірісті басқарудың тиімді формаларын енгізу, шаруашылықтың тоқтап тұруын болдырмау, тағы басқалары арқылы өндіріс тиімділігін көтеруді талап етеді.

Осы міндеттің жүзеге асырылуында маңызды рөл АӨК-нің қазіргі жағдайын талдауға беріледі. Зерттеудің осы кезеңі қалыптасқан жағдайларға және АӨК дамуының үрдістеріне баға беруге, халықты тамақ өнімдерімен қанағаттандыру үшін оның негізгі салаларының арасындағы қарама-қайшылықты анықтауға, дағдарыстан шығу жолдарын табуға мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер

- 1 Ускова Т.В., Селименков Р.Ю., Анищенко А.Н., Чекавинский А.Н. Продовольственная безопасность региона. – Вологда: Институт социально-экономического развития территорий РАН, 2014. – 102 с.
- 2 Экономикалық ынтмақтастық және даму ұйымының статистикалық мәліметтері. Электрондық ресурс. Қолжетімділік режимі: <https://data.oecd.org/agrpolicy/agricultural-support.htm>.
- 3 Аверкиева К. Продовольственная безопасность в России: конфликт политиков и производителей. Мировой опыт. Электронный сборник. Режим доступа: <http://geoconflict.narod.ru/2008/may/averkieva.html>.
- 4 Бадуев Б.В. Продовольственная безопасность Японии: автореф. дисс. на соиск. уч. ст. к.э.н. – М., 2007.
- 5 Бекенов С.С. Критерии и оценки продовольственной безопасности // Вестник КРСУ. – 2003. – №2. – Электронный ресурс. Режим доступа: <http://krsu.edu.kg/vestnik/2003/v2/index.html>.

- 6 Плугов А.Г. Мировой опыт обеспечения продовольственной безопасности и его использование в России: автореферат диссертации на соискание учёной степени кандидата экономических наук. – М., 2010.
- 7 Food Security in the U.S. United States Department of Agriculture Economic Research Service. Household Food Security in the United States in 2013. Electronic resource. Access mode: <http://www.ers.usda.gov/publications/err-economic-research-report/err173.aspx>.
- 8 Дадалко, В.А. Продовольственная безопасность: мировое сообщество, сельское хозяйство, экономическая экспансия / В.А. Дадалко, Е.Р. Михалко. – Минск: ИВЦ Минфина, 2011. – 701 с.
- 9 Ражимжанова Г.М. Продовольственная безопасность Казахстана и приоритеты ее обеспечения: дисс. на соискание ученой степени доктора философии (PhD)/ Новый экономический университет им. Т. Рыскулова. – Алматы, 2015. – 162 с.
- 10 Дан Одоко, Янчевский В. Мировой опыт формирования национальной системы продовольственной безопасности // Аграрная экономика. – 2014. – №5. – С. 51–58.
- 11 «Agricultural Policy Monitoring and Evaluation 2015» Report. OECD publishing. Electronic resource. Access mode: [http://www.keepeek.com/Digital-Asset-Management/oecd/agriculture-and-food/agricultural-policy-monitoring-and-evaluation-2015\\_agr\\_pol-2015-en#page3](http://www.keepeek.com/Digital-Asset-Management/oecd/agriculture-and-food/agricultural-policy-monitoring-and-evaluation-2015_agr_pol-2015-en#page3).
- 12 Выступление представителя Республики Беларусь на 67-ой сессии Генеральной Ассамблеи ООН от 01 ноября 2012 г. Электронный ресурс Постоянного представительства Республики Беларусь при ООН. Режим доступа: [http://un.mfa.gov.by/docs/2nd\\_2012\\_food\\_security.pdf](http://un.mfa.gov.by/docs/2nd_2012_food_security.pdf).
- 13 Доклад Министра сельского хозяйства РК. Официальный интернет-ресурс Министерства сельского хозяйства РК. 2013. Режим доступа: <http://mgov.kz/tezisy-doklada-na-temu-razvitie-pererabaty-vayushhej-promy-shlennosti-v-respublike-kazahstan/>.
- 14 Доклад группы экспертов Изборского клуба под руководством академика РАН С.Ю. Глазьева «О продовольственной безопасности России». Электронный ресурс Института динамического консерватизма. Режим доступа: <http://dynacon.ru/content/articles/1725/>.
- 15 Доклад РАНХиГС «Продовольственная безопасность в России: мониторинг, тенденции и угрозы». – М., 2014. – 56 с.
- 16 Ерасова, Е.А. Опыт ЕС в обеспечении продовольственной безопасности // Евразийская интеграция: экономика, право, политика. – 2009. – №6. – С. 67–72.

#### References

- 1 Uskova T.V., Selimenkov R.YU., Anishchenko A.N., Chekavinskiy A.N. Prodovol'stvennaya bezopasnost' regiona. – Vologda: Institut sotsial'no-ekonomicheskogo razvitiya territoriy RAN, 2014. – 102 s.
- 2 Jekonomikalық унтымақтастық және даму ұжымдауың статистикалық мәліметтері. Jelektronдық resurs. Қолжетімділік rezhimi: <https://data.oecd.org/agrpolicy/agricultural-support.htm>.
- 3 Averkieva K. Prodovol'stvennaja bezopasnost' v Rossii: konflikt politikov i proizvoditelej. Mirovoj opyt. Jelektronnyj sbornik. Rezhim dostupa: <http://geoconflict.narod.ru/2008/may/averkieva.html>.
- 4 Baduev B.V. Prodovol'stvennaja bezopasnost' Japonii: avtoref. diss. na soisk. uch. st. k.je.n. – М., 2007.
- 5 Bekenov S.S. Kriterii i ocenki prodovol'stvennoj bezopasnosti // Vestnik KRSU. – 2003. – №2. – Jelektronnyj resurs. Rezhim dostupa: <http://krsu.edu.kg/vestnik/2003/v2/index.html>.
- 6 Plugov A.G. Mirovoj opyt obespechenija prodovol'stvennoj bezopasnosti i ego ispol'zovanie v Rossii: avtoreferat dissertacii na soiskanie uchjonoj stepeni kandidata jekonomicheskix nauk. – М., 2010.
- 7 Food Security in the U.S. United States Department of Agriculture Economic Research Service. Household Food Security in the United States in 2013. Electronic resource. Access mode: <http://www.ers.usda.gov/publications/err-economic-research-report/err173.aspx>.
- 8 Dadalko, V.A. Prodovol'stvennaja bezopasnost': mirovoe soobshhestvo, sel'skoe hozjajstvo, jekonomicheskaja jekspansija / V.A. Dadalko, E.R. Mihalko. – Minsk: IVC Minfina, 2011. – 701 s.
- 9 Razhimzhanova G.M. Prodovol'stvennaja bezopasnost' Kazahstana i prioritety ee obespechenija: diss. na soiskanie uchenoj stepeni doktora filosofii (PhD)/ Novyj jekonomicheskij universitet im. T.Ryskulova. – Almaty, 2015. – 162 s.
- 10 Dan Odoko, Janchevskij V. Mirovoj opyt formirovaniya nacional'noj sistemy prodovol'stvennoj bezopasnosti // Agrarnaja jekonomika. – 2014. – №5. – S. 51–58.
- 11 «Agricultural Policy Monitoring and Evaluation 2015» Report. OECD publishing. Electronic resource. Access mode: [http://www.keepeek.com/Digital-Asset-Management/oecd/agriculture-and-food/agricultural-policy-monitoring-and-evaluation-2015\\_agr\\_pol-2015-en#page3](http://www.keepeek.com/Digital-Asset-Management/oecd/agriculture-and-food/agricultural-policy-monitoring-and-evaluation-2015_agr_pol-2015-en#page3).
- 12 Vystuplenie predstavitelja Respubliki Belarus' na 67-oj sessii General'noj Assamblei OON ot 01 nojabrja 2012 g. Jelektronnyj resurs Postojannogo predstavitel'stva Respubliki Belarus' pri OON. Rezhim dostupa: [http://un.mfa.gov.by/docs/2nd\\_2012\\_food\\_security.pdf](http://un.mfa.gov.by/docs/2nd_2012_food_security.pdf).
- 13 Doklad Ministra sel'skogo hozjajstva RK. Oficial'nyj internet-resurs Ministerstva sel'skogo hozjajstva RK. 2013. Rezhim dostupa: <http://mgov.kz/tezisy-doklada-na-temu-razvitie-pererabaty-vayushhej-promy-shlennosti-v-respublike-kazahstan/>.
- 14 Doklad grupy jekspertov Izborskogo kluba pod rukovodstvom akademika RAN S.Ju. Glaz'eva «O prodovol'stvennoj bezopasnosti Rossii». Jelektronnyj resurs Instituta dinamicheskogo konservativizma. Rezhim dostupa: <http://dynacon.ru/content/articles/1725/>.
- 15 Doklad RANHiGS «Prodovol'stvennaja bezopasnost' v Rossii: monitoring, tendencii i ugrozy». – М., 2014. – 56 s.
- 16 Erasova, E.A. Opyt ES v obespechenii prodovol'stvennoj bezopasnosti // Evrazijskaja integracija: jekonomika, pravo, politika. – 2009. – №6. – S. 67–72.

